



Сыр бойы

№106 (21181) 21 шілде, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Испания Королі VI Фелипеге құттықтау жеделхатын жолдады.

Қазақстан Президенті Король VI Фелипе мен барша испан халқын Испания ұлттық құрамасының футболдан Әлем біріншілігіндегі жарқын жеңісімен және екі дүркін Әлем чемпионы атануымен құттықтады.

— Ұлттық құрамаңыздың жоғары шеберлігі, үйлесімді командалық ойыны және жеңіске деген жігері миллиондаған жанкүйерді тәтті етті. Испанияның жаһандық деңгейде мойындалған футболдан озық тәжірибесі баршаға үлгі. Осы ретте биыл Қазақстанда «Атлетико Мадрид» клубы академиясының ашылғанын ерекше қуанышпен атап өтемін. Бұл бастама халықтарымыз арасындағы достық пен сан қырлы ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ жастар арасындағы байланыстарды тереңдетуге зор серпін береріне көміл сенемін, — деп жазылған жеделхатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев VI Фелипенің ел мүддесіне бағытталған игі бастамаларына сәттілік, ал достас испан халқына бақ-береке тіледі.

/// ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

ИСПАНИЯ — ӘЛЕМНІҢ ЕКІ ДҮРКІН ЧЕМПИОНЫ

АҚШ, Канада және Мексикада бес жарым аптаға созылған футбол мерекесі мәресіне жетті. Нью-Джерсиде өткен шешуші кездесуде Аргентинаны қосымша уақытта 1:0 есебімен жеңген Испания құрамасы тарихында екінші рет Әлем чемпионатының алтын жүлдесін иеленді. Жеңіс добын алаңға қосалқы құрамнан шыққан Ферран Торрес соқты.

4-бет

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ЖАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?



Суретті түсірген Нұрболан НҰРЖАУБАЙ

Сырдария жағасына орын тепкен Қызылорданың келбеті жыл өткен сайын жаңаруда. Әсіресе, көпшілік серуендейтін демалыс орны көптеп салынып жатыр.

Біз сөзімізді өзен жағасынан бекер бастамадық. Қазір қала тұрғындарымен қатар, келген қонақтардың да жиі аялдайтын бір орны осы жер. Кешкілік серуендегендерден бөлек, таңмен таласа спортпен шұғылданып, велосипед тепкендер, жүгіргендерді де жағалаудан табасыз.

Жағалауды абаттандыру 2016 жылы қолға алынды. Сол уақытта Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылы құрылысының бірінші кезеңі басталған. Бейбарыс сұлтан көшесінен Әбілқайыр хан көшесіне дейінгі 6,7 шақырымдық екі жолақты жол салынды. Жобада Сырдария өзенінің бөгетін нығайту, веложол, жаяу жүргіншілер жолы да бар еді.

Жобаның екінші кезеңі саналатын оң жағалаудағы Бейбарыс сұлтан көшесінен гидротоспаға дейін ұзындығы 2,5 шақырым жол құрылысы да аяқталды. Сондай-ақ көлік ағынының артуына байланысты бытыр Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылының Бейбарыс сұлтан көшесінен бастап Әбілқайыр хан көшесіне дейінгі аралығындағы екі жолақты жол төрт жолаққа кеңейтілді. Осы жұмыспен бірге дария бойындағы 8 демалыс аймағы халыққа қолайлы етіп қайта абаттандырылды. Екіншіден, осы жылы жағалауға қатысты үшінші жоба іске асырылды. Ол дария бойымен, яғни Әбілқайыр хан көшесінен М.Саламатов көшесіне дейін

ұзындығы 2,9 шақырым жол салынды. Бұл жобада да дария бөгетін нығайту, веложол, жаяу жүргіншілер жолын салу жұмыстары қатар жүрді, — дейді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары Бердібек Шөкенов.

Шаһардағы тағы бір инфрақұрылым — Сырдария өзенінің сол жағасындағы жаяу жүргіншілер және веложол. Бейбарыс сұлтан көшесіндегі көпірден бастап Тасбөгет кентіндегі гидротоспаға дейін жалғасатын құрылысқа жағалаудағы қорғаныс бөгеттерін нығайту да кіреді.

— Құрылыс сәуір айында басталды. Қазір дария жиегінде бөгет көтеру, өзен жағасын бекіту жұмыстары қарқын алды. Сондай-ақ биіктетілген бөгетті су шаймау үшін арнайы тас төселіп жатыр. Осы жұмыстардың артынан іле-шала ені 6 метрлік жүргіншілер жолы мен веложол құрылысы да басталды. Бұған қиыршық тас пен топырақтан бөлек, үстіңгі бетіне асфальт төселетіні белгілі. Жалпы жолдың ұзындығы 2,5 шақырымнан асады, — дейді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар

көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің сектор менеджері Тілеухан Насырадин.

Құрылысқа жауапты мердігер — «Қаратаас Майнинг» ЖШС. Жобаға 3 млрд теңгеге жуық қаржы қарастырылған. Жауаптылардың сөзінше, дария жағасындағы жол құрылысы аяқталған соң арнайы қоршау қойылып, 110 жарықшам орнатылмақ. Сондай-ақ тұрғындар серуендегенде демалатын орындықтар, қокыс жөшіктері және қауіпсіздік бейнекамералары қарастырылған.

Ендігі кезекте осы жобаның төртінші кезеңін жүзеге асыруға жоба-сметалық құжат әзірленіп, мемлекеттік сараптама қорытындысы алынған. Бұл жобада М.Саламатов көшесінен бастап Қ.Махамбетов көшесіне дейін дария жағалауымен жол құрылысын салу, Қ.Махамбетов, Марал ишан көшелерін екі жолақтан төрт жолаққа дейін кеңейту қарастырылған. Жолдың ұзындығы 2,4 шақырым, қазір қаржыландыру үшін облыстық бюджетке өтінім берілген. Қаржы бөлінсе, құрылысы да көп ұзамай басталады.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

/// ЕҢБЕК АДАМЫ

ТЕМІРЖОЛДА ШЫҢДАЛҒАН МАМАН

Кейде бір әулеттің жүрек қалауымен атадан балаға жалғасатын сүйікті кәсібі болады емес пе? Мысалы диқандар, көлік жүргізушілер әулеті, сауда саласын тандағандар. Дәл сол сияқты Пазылбекөвтер әулетінің де ер-азаматтары теміржолдың байланыс саласын тандапты. Егер ерінбей есептейтін болсақ, әулеттің теміржол мекемесінің байланыс саласындағы еңбек өтілі жүздеген жылды қамтиды екен. 1976 жылы өмірге келген, бүгінгі күні ШЧ-40 Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясы басшысының СОБ (сигнализация, орталықтандыру және бұғаттау) жөніндегі орынбасары болып қызмет жасайтын Оралбай Пазылбекөвтің өзінің ғана еңбек өтілі 31 жыл.



Арал ауданы, Қамыстыбас елді мекеніне қарасты №92 «Сорбеткей» бекетінде дүниеге келген Оралбайдың үш ағайынды болған әкесі Айсары, Қуанышбек, Жансары да осы мекеменің ыстығына күйіп, суығына тоңып еңбек етіп зейнетке шықса, өзінің баласы да, аға-інілері де осы мекемеде және теміржол саласында еңбек етіп жүр.

Оралбай еңбек жолын 1995 жылы №93 «Үкілісай» бекетінде Қазалы ШЧ-40 белгі беру және байланыс дистанциясының СОБ электромонтері болудан бастады. Сол жылы Ақтөбе қаласыдағы СОБ электромеханигін даярлайтын оқу орнында білімін жетілдіріп келгеннен кейін, «Үкілісай» бекетінде қызмет етті. Бүгінде екі ұл, екі қызы өмірге әкеліп, олардан үш немере көріп отырған жары Жібек Әбжамнықызы да дәл сол жылы, сол бекетте жолықтырды.

Қызмет бабымен 1998 жылы СОБ электромеханигі болып тағайындалып, Қамыстыбас елді мекеніне қоныс аударды. Оралбай — теміржол көлігіндегі сигнализация, орталықтандыру және бұғаттау жүйелерінің, сондай-ақ автоматты басқару құрылғыларының дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, техникалық қызмет көрсететін маман. Сонымен қатар, бағдарламаларды, электр жетектерін, рельстік тізбектерді және орталықтандыру құрылғыларын тексеру, пойыздардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін ақауларды жедел анықтап, оларды қысқа мерзімде жөндеу, аппаратуралардың жұмыс қабілетін арттыру үшін жоспарлы техникалық тексерулер жүргізу де СОБ электромеханигінің міндетіне жатады.

— Ең алғаш 1995 жылы №92 бекетке СОБ электромонтері болып жұмысқа қабылданымында, сол бекеттің электромеханигі Олжабай Әлиев ағамнан көп нәрсе үйреніп, тәжірибе жинақтағанымды ұмытпаймын. «Қамыстыбас» станциясында он жылдай сапалы қызмет атқарғаным үшін Бекбауыл және Шөміш аралығына аға СОБ электромеханигі болып бекітілді. Ал 2020 жылы Сексеуіл-Қазалы аралығының тәлім бастығы болып тағайындалдым. Біздің мекемеге қазір жаңадан Сексеуіл-Жезқазған желісі, соған сәйкес теміржол қауіпсіздігін басқарудың МПЦ-ҚЗ деген жаңа сандық жүйесі, өзіміздің қазақстандық жаңа өнім іске қосылды. Бұл — жауапкершілігіміз де екі есе арттады деген сөз, — дейді ол.

«КТЖ» ҰК» АҚ-ның «Үздік маман», «Адал еңбегі үшін», «Қазақстан теміржолына — 80 жыл» төсбелгілері, отыз жылдағы марапаттары — Оралбайдың еңбегінің өтеуі.

Жауапкершілікке толы жылдар өз жемісін берді. Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясының бастығы Арнұр Дінахметовтің сенім білдіруімен Оралбай Пазылбекөв қазіргі уақытта Қазалыға қоныс аударып, мекеме бастығының СОБ жөніндегі орынбасары болып қызметін жалғастырып жатыр.

Әлімжан ҚИЯС,
Қазалы ауданы



АЗАМАТТАРДЫҢ МҮДДЕСІ ҚОРҒАЛАДЫ

Мемлекет пен азаматтардың қаржылық мүддесін қорғау, сондай-ақ қылмыстың алдын алуда облыстық экономикалық тергеп-тексеру департаменті жүйелі жұмыс жүргізуде. Жыл басынан департамент өндірісінде 29 қылмыстық іс тіркелген, бұл өткен жылмен салыстырғанда аз. Ал аяқталған 14 істің 13-і сотқа жолданып, мемлекет пен азаматтарға келтірілген залалдың басым бөлігі өндірілді. Сонымен қатар, қылмыстық процестерді цифрландыру жұмыстары жалғасып, істердің негізгі бөлігі электрондық форматта жүргізілген. Бұл туралы облыстық экономикалық тергеп-тексеру департаменті басшысының орынбасары Руслан Сатыбалдиев айтты. Оның пікірінше, департамент қызметі тек заң-бұзушылықтарды анықтаумен шектелмейді.

3-бет

/// КӘСІП ПЕН НӘСІП

ТАБЫСТЫ КӘСІПТІҢ КІЛТІ — ҚОЛДАУ

Кейінгі кездері елімізде шағын және орта бизнесті қаржыландыруға мүмкіндік, кәсіп ашқысы келетін азаматтарға қолдау бар. Бұл үшін құзырлы орындарда тіркеліп, бизнесін заңды жүргізген жөн. Мемлекет тарапынан да кәсіпкерлерге жасалған жеңілдік жетерлік. Білім алуға, жоба дайындауға, қайтарымысыз грант мемденуге, жеңілдетілген несие алып, кәсібін дөңгелентуге арналған тың бастамалар жемісін беруде.

Өңірде жыл өткен сайын кәсіптің тынысы кеңейіп келеді. Қаншама азамат өзін-өзі жұмыспен қамтып, шаруасын жүргізіп отыр.

Қалалық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің берген мәліметіне сүйенсек, бытыр «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында қалаға қарасты кент және ауылдық округтерде 46 жобаны жүзеге асыруға жеңілдетілген несие алынған. Оның ішінде 32 жоба 2024 жылдың қаражаты есебінен болса, 14 жоба бытыр жүзеге асты. Биыл да кәсіпкерлердің өтінімі қаралып, 42 жоба қолдау тауып, оның 15-іне қаражат берілді. Сондай-ақ қосымша тағы 17 кәсіпкердің құжаты порталға енгізіліп, комиссия қарауына дайын. Бұдан бөлек «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымы арқылы «Өндіріс және өңдеу», «Іскер» бағдарламасы бойынша 17 жоба мақұлданып, 5-уі қаржыландырылды.

Жалпы қала бойынша 32668 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның 31 259-ы жұмыс істеп тұр.



4-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ТАУ-КЕН ӨНЕРКӘСІБІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ БАСТАМА

Бүгінде «Liaoning Hongda Group» компаниясы Жаңақорған ауданында кен орнын игеру бағытындағы жобаның алғашқы кезеңін бастап, онда 260 жергілікті тұрғынды жұмыспен қамтып отыр. Бұл – өңірдің әлеуметтік-экономикалық, өндірістік әлеуетін арттырудағы маңызды жоба. Тау-кен саласын өркендетудегі бастамалар табысты әрі жүйелі жүзеге асып келеді. Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев «Liaoning Hongda Group» директорлар кеңесінің төрағасы Тан Цзюганды және аталған компанияның өкілдерін қабылдады.

Кездесуде облыс әкімі компания-ның Қазақстан мен Қытай арасындағы инвестициялық ынтымақтастықты дамытуға қосып отырған үлесін жоғары бағалап, Жаңақорған ауданында іске асырылатын жалпы құны 1,3 млрд АҚШ доллары болатын қорғасын-мырыш тау-кен байыту кешендері жобасының өнір үшін стратегиялық маңызын атап өтті.

Жоба аясында екі карьер, екі тау-кен байыту фабрикасы және кейіннен металлургиялық зауыт салу жоспарланған. Өңір басшысы облыс әкімдігі тарапынан жоба «Жасыл дәліз» тетігіне енгізілгенін айтып,

оны іске асыру барысында қажетті әкімшілік қолдау көрсетілетінін, жан-жақты сүйемелденетінін жеткізді.

Өз кезегінде компания басшылығы жобаны іске асырудың қазіргі кезеңі, инфрақұрылым жеткізу және металлургиялық зауыт құрылысына дайындық бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді.

Кездесу қорытындысында тараптар инвестициялық жобаларды уақытылы әрі тиімді іске асыру бағытындағы өзара ынтымақтастықты одан әрі жалғастыруға дайын екендіктерін білдірді.

ЖҰМЫС ҚАРҚЫНЫ ЖОСПАРҒА СӘЙКЕС

«Қайсар Арена» стадионында жасыл алаңнан бөлек бокс, спорттық гимнастика, тазквондо, ауыр атлетика және күрес түрлеріне арналған арнайы жаттығу залдары қарастырылған. Қазіргі таңда мұнда грек-рим күресі мен тазквондо үйірмелері ашылып, спортшылар күнделікті жаттығуда. Алдағы қыркүйек айынан бокс және дзюдо секциялары да өз қызметін бастайды.



Аймақ басшысы Мұрат Ерғешбаев қаладағы бірқатар нысанды аралағанда сол жағалаудағы бірегей стадионға барды.

Үйірмелер жұмысымен танысып, спортшылардың жаттығуына қажетті құрал-жабдықтардың сапасына, материалдық-техникалық базасына назар аударды.

Бұдан кейін сол жағалауда бой көтерген жеті қабатты 84 пәтерлік алты тұрғын үйдің құрылыс алаңына барды. Құрылысына 12,5 млрд теңге бөлінген жобаның бас мердігерлері – «Дәнекер» және «Сәт Сервис» ЖШС, тұрғын үйдің аумағы – 35 898 шаршы метр. Жұмыс жоспарға сәйкес жүріп жатыр, тамыз айында аяқталып, ел игілігіне беру көзделген.

Келесі нысан – 2003 жылдан бері жиһаз өндірісінде табысты жұмыс

істеп келе жатқан «Панабек» ЖШС. Кәсіпорында жылына 20 мың жиһаз шығарылады. Бүгінде өндіріс үдерісі автоматтандырылып, цифрлық басқару жүйелері толық енгізілген. Өндірістің барлық кезеңін қамтитын цифрлық бақылау жүйесі жұмыс істейді. Ақауларды автоматты түрде анықтайтын кешен дайын өнімнің сапасын тұрақты бақылауға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде өндіріс толықтай басқарылатын цифрлық ортаға көшкен.

Қазіргі уақытта мұнда жасалған кенсе, ас үй, мектеп және өзге де жиһаз түрлері ішкі нарыққа бағытталған. Алдағы екі жылда өнімін Өзбекстан мен Қырғызстанға экспорттау жоспарланып отыр.

Облыс әкімі кәсіпорынның цифрландыру бағытындағы бастамаларына оң бағасын берді.



/// МАМАН МІНБЕРІ

ЖАУАПТЫ КЕЗЕҢНІҢ ЖҮГІ

Бүгінгі күні бүкіл әлем су тапшылығын сезінуде. Сондықтан Мемлекет басшысы су саласына айрықша көңіл бөліп келеді. Оның үстіне Қазақстандағы су көздерінің 70 пайызы трансшекаралық өзендер арқылы келетіні мәлім.

«Қазсушар» РМК Қызылорда филиалының негізгі қызметі – су шаруашылығы нысандарының қалыпты және қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету, жауапты кезеңде суармалы егіс алқабына арналар арқылы су жеткізіп беру. Өңірдің аграрлық саласы толығымен суармалы егіншілікке негізделген. Негізгі суару көзі – Сырдария өзенінің 1274 шақырымы біздің облыс аумағында жатыр. Суармалы егіншіліктің ерекшелігі – суару жүйесі мен ашық коллекторлық-дренаждық желіні бірлесе пайдалану қажеттілігі.

Қазір облыс бойынша 264,1 мың гектар суармалы жер бар. Оның 178,6 мың гектары инженерлік жүйеге келтірілген. Негізінен 5 ірі суармалы алқапқа шоғырланған. Атап айтқанда, Түгіскен массиві 35873 гектар, Жаңақорған-Шиелі массиві 38857, Қызылорда сол жағалауы массиві 91280, Қызылорда оң жағалау массиві 26580, Қазалы сол және оң жағалауы 29580 гектар.

Филиал меншігінде 1368 су шаруашылығы нысаны бар. Оның 2-уі су қоймасы, 1-уі бөгет, 4-уі су торабы. Сондай-ақ 6825,37

шақырым 1090 канал, 162 тік дренажды ұңғыма, 995 шақырым 21 қашыртқы, 625 шақырым 86 қорғансы бөгеті, 1 насос станциясы, 1 су тастау құрылысы есепке алынған. Су нысандарына жылдар бойы жөндеу және қалпына келтіру жүргізілген жоқ. Салдарынан техникалық жағдайы төмендеп, каналдарда су шығыны өсіп кетті, бұл суармалы маусымда су тапшылығына әкеп соқтырады.

Айта кетерлігі, өңірге 80 пайыз су көршілес Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстаннан келеді. Осыған байланысты жыл сайын Сырдария трансшекаралық өзенінде су тапшылығы болып отыр. Бұл проблеманы шешу үшін еліміздің Су ресурстары және ирригация министрлігі үлкен жұмыс атқаруда. Айта кететін болсақ, 2024 жылдан бері каналдар жаңғыртылып келеді. Кешенді жоспарға сәйкес 26 магистральдық және шаруашылықаралық каналда қайта жаңғырту қолға алынған.

Дүниежүзілік Даму банкі қаражаты есебінен 2019 жылдан бері «Суару және дренаж жүйелерін жетілдіру» жобасының



Суретері: Түсіріп: Барзан ЕСЖАНОВ

ЗАМАНАУИ ОРТАЛЫҚ ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Казстройподряд» ЖШС – 2005 жылы құрылған отандық құрылыс компаниясы. Негізгі қызметі – заманауи құрылыс индустриясын дамыту, жоғары сапалы әрі сенімді стандарттарды қалыптастыру.

Компания осы уақытқа дейін Астанадағы ірі сауда-ойын-сауық орталықтарын, кеңсе ғимараттарын, заманауи тұрғын үй кешендерін, қонақүйлерді, білім беру ұйымдарын, спорт кешендерін және болат конструкциялардан тұратын түрлі нысандарды салған.

Кеше облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев «Казстройподряд» ЖШС құрылтайшысы, «TUKIB» түрік-қазақ кәсіпкерлер қауымдастығының төрағасы Аталай Хикметті қабылдады.

Тараптар облыс орталығында заманауи сауда-ойын-сауық орталығын салу жобасын талқылап, алдағы жоспарларды бірлесіп жүзеге асыру жайын қарастырды.

– Өткен аптада Қызылорда облысына арнайы келіп, өңірдің инвестициялық әлеуетімен танысқанымыз үшін Сізге алғысымды білдіремін. Сол жолы заманауи сауда-ойын-сауық орталығын салуға қатысты жоспарды жан-жақты талқылаған болатынымыз.

Баршамызға белгілі, «Казстройподряд» – халықаралық деңгейде танылған, күрделі құрылыс жобаларын табысты жүзеге асырып келе жатқан бірегей компания. Сіздердің мол тәжірибелеріңіз Қызылорда қаласында заманауи сауда-ойын-сауық кешенін салуға мүмкіндік береді деп сенеміз.

Облыс әкімдігі жер телімі, қажетті инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және мемлекеттік органдармен келісу рәсімдеріне жан-жақты қолдау көрсетуге дайын, – деді аймақ басшысы.

А.Хикмет өңірде инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасалғанын атап өтіп, қолдау үшін алғысын білдірді.

Кездесуде компанияға сол жағалаудан немесе Президент паркі аумағынан жер телімі ұсынылды. Тамыз айында сауда-ойын-сауық орталығының нақты эскизі таныстырылады.

КЕШЕНДІ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН

Қазақстан-Түркия форумы аясында Қызылорда облысында заманауи жылыжай кешенін салу жобасы бойынша меморандумға қол қойылып, бірлескен жұмыстың жаңа кезеңіне негіз қаланған болатын.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев «Fabe Agro» компаниясының басшысы Ахмет Буданмен кездесті. Кездесуде Қазақстан-Түркия ынтымақтастығы аясында заманауи жылыжай кешенін салу барысы және инвестициялық әріптестікті одан әрі кеңейту мәселелері талқыланды.

– Бұл кездесуіміз қол жеткен келісімдерді іске асыруға, инвестиция, ауыл шаруашылығы және өзге де салалардағы ынтымақтастықты кеңейтуге тын серпін береді деп сенеміз, – деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ жылыжайда өндірілетін қызанақты ішкі және сыртқы нарыққа жіберуге қажетті қорап-жәшік шығаратын өндіріс орнын ашу бастамасы да талқыланды. Бұл өнімдерді заманауи талаптарға сай қаптауға, логистикалық шығындарды азайтуға және өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Аймақ басшысы өңірде жаңа өндірістерді орналастыруға қолайлы жағдай жасалғанын атап өтті. «Қорқыт Ата арнайы экономикалық аймағынан» инвесторларға жер учаскесін беру,



инфрақұрылым шығындарының бір бөлігін өтеу және «бір терезе» қағидаты бойынша кешенді қолдау шаралары қарастырылған.

Аталған жобаны жүзеге асыру бойынша инвестициялық келісімшарт жасасуға қажетті құжаттарды рәсімдеу жұмыстары жүргізілуде.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// БРИФИНГ

ЕРТЕДЕН ҚАЛЫПТАСҚАН ЕҢБЕК ДӘСТҮРІ

Шиелі ауданында жылдың алғашқы алты айында әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша оң динамика қалыптасып, өңірдің өндірістік, инвестициялық және аграрлық әлеуетін арттыруға үлес қосты. Бюджет кірістерінің ұлғаюы, инвестиция тарту, жаңа жұмыс орындарын ашу және ауыл шаруашылығын артараптандыру бағыттарында нәтиже бар. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте аудан әкімі Айтбай Жандарбеков атап өтті.



– Жыл басынан бері ауданның өз кірістерін ұлғайту бағытында да айтарлықтай жұмыс атқарылды. Кейінгі үш жылдағы көрсеткіштерге көз жүгіртсек, ауданның өз кірісі тұрақты өсіп келе жатқанын аңғаруға болады. Бұл қаражат, ең алдымен, тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға, әлеуметтік мәселелерді шешуге және инфрақұрылымды дамытуға бағытталуда. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, салық түсімдерін көбейту мақсатында арнайы жұмысшы топтары құрылып, кірістерді арттыру бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілуде, – деді аудан әкімі.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі бытырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 105,1 пайызға орындалды. Аудан экономикасына 37 млрд 484 млн теңге инвестиция тартылды. Ал пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы 37 753 шаршы метрге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 104,5 пайыз болды. Бөлшек сауда көлемі де өсім көрсетіп, алғашқы алты айда 6 млрд 971 млн теңгеге жетті.

Бұл көрсеткіштердің барлығы аудан экономикасының бірнеше бағытта қатар дамып келе жатқанын аңғартады. Өнеркәсіп өндірісі мен өңдеу саласының дамуы, құрылыс қарқынның артуы, тұрғын үй көлемінің ұлғаюы және сауда айналымының сақталуы – экономикалық белсенділіктің негізгі индикаторлары.

Ауданда инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға ерекше мән беріліп отыр. 2025-2030 жылдары іске асыру жоспарланған жалпыұлттық және өңірлік инвестициялық жобалар пулына ауданнан 18 ірі жоба енгізілген. Бұл жобалар аясында 1024 жаңа жұмыс орнын ашу көзделген. Өткен жылы 18 млрд теңгеге алты жоба іске қосылды. Олардың қатарында «Тесис», «Transshipment 1», «Эко Энерджи Плюс» серіктестіктері, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік жобалар, биыл құрылысы жалғасатын және іске қосылуы жоспарланған тағы 6 жоба бар. Оларды жүзеге асыру барысында ауданға 51,4 млрд теңге инвестиция тарту көзделіп отыр.

Сонымен бірге, бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын 89 жоба әзірленіп, олардың жоба-сметалық құжаттары дайындалған. Олар республикалық және жергілікті бюджеттердің мүмкіндігіне қарай кезең-кезеңімен іске асырылмақ.

Инвестициялық жобалардың көбеюі – ауданның өндірістік қуатын арттырып қана қоймай, жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтуға, жаңа кәсіптердің пайда болуына және салық базасының кенеюіне мүмкіндік береді. Алғашқы алты айда тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік нысандарының саны 5747, іс бастаушылар мемлекеттік бағдарламалар аясында 40 жобаға шағын несие алды.

Мемлекет басшысының экономикалық өсімді қалпына келтіру және халықтың табысын арттыру жөніндегі тапсырмасы аясында ауданда жаңа жұмыс орындарын ашуға басымдық берілуде. Бүгінгі күнге дейін 492 жаңа жұмыс орны құрылды. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 1021-ге жеткізу жоспарланып отыр.

Әлеуметтік қолдау шаралары да назардан қалған емес. Аз қамтылған 124 отбасының 669 мүшесіне атаулы әлеуметтік көмек берілген.

Шиелі – ежелден ауыл шаруашылығы дамыған, еңбек дәстүрі қалыптасқан аудан. Бірінші қарты-жылдықта ауыл шаруашылығы саласындағы өнім 105,1 пайыздық өсімді көрсетті.

Мал шаруашылығында да бірқатар оң көрсеткіш бар. Аудандағы ірі қара саны 85734, қой мен ешкі 130061, түіе 1842, жылқы 29151 басқа жетті.

Ауыл шаруашылығын тиімді жүргізудің маңызды бағытының бірі – пайдаланылмай жатқан жерді қайта айналымға енгізу. Бұл бағытта жоспарлы жұмыстар жүргізіліп келеді. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы 41960 гектар жер қайта айналымға енгізілді. Жоспар 41100 гектар болғанын ескерсек, көрсеткіш 102 пайызға орындалған.

Был 32515 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде 4326 гектарға дәмді, 1150 гектарға майлы, 10388 гектарға малазықтық, 5051 гектарға картоп, көкөніс және басқа дақылдары орналастырылды.

Қазіргі су тапшылығы кезінде егін шаруашылығын артараптандырудың маңызы артып отыр. Осыған байланысты суды аз қажет ететін дақылдарды көбейту және заманауи су үнемдеу технологияларын енгізу жұмыстары жүргізілуде. Жеке шаруашылықтардың қаражаты есебінен тамшылатып суару әдісімен 1000 гектар, жаңбырлатып суару технологиясымен тағы 1000 гектар жүтері егілді. Сонымен бірге 1623 гектар бидай, 60 гектар сүрлемдік жүтері, 120 гектар жемдік асқабақ орналастырылды.

Су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында жерді лазерлік тегістеу жұмыстары да қарқын алған, 10 мың гектар жер лазерлік тегістеуден өткізілді. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда едәуір жоғары.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Қай өңірдің де өркендеуі тұрғындарының әл-ауқатымен, кәсіпкерлік қарқынымен, ауыл шаруашылығы әлеуеті және инфрақұрылымының дамуымен өпшенеді. Осы жағынан алғанда қала іргесіндегі Ақсуат кейінгі жылдары жүйелі даму жолына түсіп, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері тұрақты өсіп келе жатқан ауылдық округтің біріне айналды. Мемлекеттік бағдарламалардың тиімді жүзеге асуы мен жергілікті тұрғындардың еңбекқорлығы ауылдың бүгінгі тыныс-тіршілігінен анық байқалады.

Бүгінде Ақсуат ауылдық округінде 11887 адам тұрса, 4 мыңнан астамы экономикалық жағынан белсенді. Оның ішінде 526 тұрғын өзін-өзі жұмыспен қамтыған, жұмыссыздар саны небәрі 32 адам. Бұл халықты жұмыспен қамтудағы бастамалардың нәтижелі екенін көрсетеді.

Ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуы бюджетіне тікелей байланысты. Биыл ауылдық округ бюджеті 703,9 млн теңге көлемінде орындалып, жоспар 99,99 пайыз болған. Салық базасын кеңейту бағытында да жүйелі жұмыс бар. Түсім артып, жоспар 79,7 пайыз орындалған.

БІРЛІК ПЕН ЕҢБЕКТІҢ ЖЕМІСІ



КӘСІПКЕРЛІК – ҚОЗҒАУШЫ КҮШ



шараларынан шет қалған жоқ. Олардың демеушілігімен тұрмысы төмен және көпбалалы 37 отбасыға азық-түлік көмегі көрсетілді.

Ақсуат ауылдық округінің жер көлемі 21 мың гектардан асады. Биыл шаруашылықтар 150 гектар жерге күріш, 50 гектарға жонышқа егіп, көкөніс шаруашылығын дамытуды қолға алған. Мал шаруашылығы да тұрақты дамып келеді. Қазіргі таңда ауылда 8 мыңнан астам мал басы есепке алынған.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖАҢАРЫП КЕЛЕДІ

Кейінгі жылдары инфрақұрылымды дамытуға бағытталған ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Жаңадан бой көтерген тұрғын үй аймақтарын электр желісімен қамтамасыз ету мақсатында 1 миллиард теңгеден асатын жоба іске асырылып жатыр. Қазіргі таңда электр желілерін қосу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен бірге бірнеше көшеге жол салынып, қайта жаңғырту жұмыстары қолға алынды. Алты көшенің жобасметалық құжаттары әзірленіп, қаржыландыруға ұсынылды. Бұдан бөлек, бес көшеге демеушілер есебінен жоба дайындалып, облыстық басқармаға бюджеттік өтінім жолданды. Бекбаев көшесі толықтай түнгі жарықпен қамтамасыз етілді. Жол, жарық, электр желісі сияқты инфрақұрылымдық жобалар – ауыл тұрғындарының игілігі.

Ақсуатта қоғалдандыру жұмысы қарқынды. Екі жылда ауылдың кіреберістеріне жүздеген ағаш көшеті отырғызылып, қоршалған. Биыл егілген ағаштарға арнайы қоршау орнатылып, күтімге алынды.

РУХАНИЯТ – ЕЛДІКТІҢ АЙНАСЫ

Ақсуат тек экономикалық жағынан ғана емес, мәдени-рухани өмірімен де ерекшеленеді. Мәдениет үйінде жұмыс істейтін жыр-терме, хор, би, ән және көркемсөз үйірмелеріне 109 бала қатысып келеді. №8 кітапхана 17 мыңнан астам кітап қорымен оқырмандарға қызмет көрсетуде.

Биыл еңбек ардагері Өзбекбай Қалиұлының 90 жылдығына арналған республикалық деңгейдегі «Еңбектің ерен тұлғасы» атты облыстық айтыс өткізіліп, белгілі ақындар мен жыраулар өнер көрсетті. Сонымен қатар «Ауыл Life» жобасы аясында ұйымдастырылған «Туған жерге құрмет – елге қызмет» атты әдеби кездесу жастардың алтын ұяға сүйіспеншілігін арттырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеген тағалымды шара болды.

Мемлекеттік бағдарламалардың тиімді жүзеге асуы, кәсіпкерліктің дамуы, жол мен инженерлік инфрақұрылымның жанаруы, мәдени өмірдің жандануы – мұның бәрі Ақсуаттың болашағына деген сенімді нығайтады.

Еңбек пен бірлікті ту еткен ауылдың бүгінгі жетістігі – ертенгі үлкен табыстардың бастауы.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

ЖОБА

МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРДЫҢ (ГАЗ ТАРАТУ СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ ТӨҢІРЕГІНДЕ) КҮЗЕТ АЙМАҚТАРЫНЫҢ ШЕКАРАСЫН БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СОЛ ЖЕРЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ РЕЖИМІН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 121-бабына және «Магистральдық құбыр туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 2-тармағына, 14-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Магистральдық құбырдың (газ тарату станцияларының төңірегінде) күзет аймақтарының шекаралары осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Магистральдық құбырдың (газ тарату станцияларының төңірегінде) күзет аймақтарындағы жерлерді пайдалану режимі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

М.ЕРТЕШБАЕВ

Қызылорда облысы әкімдігінің
2026 жылғы « ____ » _____ № ____ қаулысына
1-қосымша

МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРДЫҢ (ГАЗ ТАРАТУ СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ ТӨҢІРЕГІНДЕ) КҮЗЕТ АЙМАҚТАРЫНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫ

№	Жер санаты	Күзет аймақтары шекараларының көлемі, гектар	Күзет аймақтарының шекараларының барлық жакқа кейін қалатын), метр
1	2	3	4
Арал ауданы			
1	өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	1,4250	100
2	босалқы жер	4,3237	
Барлығы:		5,7487	-
Қазалы ауданы			
3	өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	0,3746	100
4	босалқы жер	2,0007	
Барлығы:		2,3753	-
Сырдария ауданы			
5	өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	1,3352	100
6	босалқы жер	2,2852	
Барлығы:		3,6204	-
Жинағы:		11,7444	-

Қызылорда облысы әкімдігінің
2026 жылғы « ____ » _____ № ____ қаулысына
2-қосымша

МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРДЫҢ (ГАЗ ТАРАТУ СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ ТӨҢІРЕГІНДЕ) КҮЗЕТ АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ РЕЖИМІ

Магистральдық құбырдың (газ тарату станцияларының төңірегінде) күзет аймақтарында:

- 1) өткелдерді, қара жолдарды және магистральдық құбыр трассасы мен оның күзет аймағын өзге де уақытша немесе тұрақты көлікпен кесіп өтудің орналасу орындарын, салу, жайластыру және пайдалану тәртібін магистральдық құбырдың меншік иесімен келіспей, орнатуға;
- 2) бағбандыққа және орман өсіруге, сондай-ақ жер жұрту тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын далалық ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін агротехникалық жұмыстар кешенінен басқа, магистральдық құбырдың меншік иесімен келіспеген кез келген жұмысты орындауға;
- 3) магистральдық құбырдың меншік иесі не оператор жайластырған, магистральдық құбырға қызмет көрсету мен оның физикалық қорғалуын қамтамасыз етуге арналған жолдарды рекультивациялауға, сондай-ақ магистральдық құбырда өртке қарсы

- және күзет функцияларын орындайтын қызметкерлердің осы жолдармен қозғалысына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кедергі келтіруге;
- 4) кез келген құрылыстар мен ғимараттар салуға;
- 5) автомобиль көлігі құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;
- 6) мелиоративтік жер жұмыстарын жүргізуге, суару және құрғату жүйелерін салуға;
- 7) магистральдық құбырдың меншік иесінің келісімінсіз тау-кен, құрылыс салу, монтаждау және жару жұмыстарын жүргізуге, жерді тегістеуге;
- 8) ұңғымалар, тікқазбалар орнатуға және топырақ сынамаларын (топырақ үлгілерінен басқа) алуға байланысты геологиялық түсіру, іздеу, геодезиялық және басқа да іздеу жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

АЗАМАТТАРДЫҢ МҮДДЕСІ ҚОРҒАЛАДЫ

— Басты мақсатымыз — экономикалық және қаржылық құқық-бұзушылықтардың алдын алу, азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру және қоғамда заң талаптарын сақтау мәдениетін қалыптастыру. Мемлекет басшысы айқындаған «Заң мен тәртіп» қағидаты — осы бағыттағы жұмысымыздың негізгі өзегі, — делі Руслан Сатыбалдиев.

Экономикалық қылмыстың қоғамға келтіретін залалы аз емес. Мемлекетке және азаматтарға келтірілген залал 879,9 млн теңге болған. Оның 732,1 млн теңгесі, яғни 83,2 пайызы өтелді. Соның ішінде 395,6 млн теңге кінәлі тұлғалардан нақты ақшалай өндіріліп 1-бет

алынған. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда едәуір жоғары.

Қылмыстық процесі цифрландыру бағытындағы жұмыстар да жалғасуда. Істердің 94,1 пайызы электрондық форматта тіркелсе, аяқталған істердің 85,7 пайызы электрондық форматта жүзеге асырылған. Бұл тергеу процесінің ашықтығын арттырып, іс жүргізу мерзімін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Департамент қызметкерлері құқықтық сауаттылықты арттыруға арналған 22 профилактикалық іс-шара ұйымдастырып, оған 3 мыңнан астам тұрғын қатысты. Мектеп оқушыларымен, жоғары оқу



орындарының студенттерімен өткен кездесулер барысында жасанды интелектің дұрыс пайдалану, ақпараттық гигиена, дропперлік, лудомания, буллинг және кибербуллинг секілді қазіргі қоғамның өзекті мәселелері талқыланды.

Профилактикалық жұмыстар мемлекеттік қызметшілер арасында да жүргізілген. Қаржы пирамидалары, дропперлік және лудоманияның алдын алу бағытында 8 іс-шара ұйымдастырылып, оған 700-ге жуық мемлекеттік қызметші қамтылған. Сонымен қатар халықпен тікелей байланыс орнатуға бағытталған көшпелі кездесулер де жалғасын тапты.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

САЙЫС

МЕЙІРІМНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ



Жақында Сыр елінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Қызылорда облысы өкілдігінің ұйымдастыруымен дүбірлі рухани дода өтті. XV республикалық Құран Кәрімді жатқа және мәнерлеп оқу байқауының Қызылорда облысы бойынша іріктеу жарысына еліміздің түкпір-түкпірінен 60 қари қатысып, бақ сынады.

Сайыста Сыр өңірінен бөлек, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Ұлытау, Атырау, Ақтөбе, Түркістан, Жамбыл облыстары мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары және бірқатар аудан-ауылдардан келген талапкерлер Құран Кәрімнің 10, 20, 30 парасы (толық) және мәнерлеп оқу аталымдары бойынша өзара сынға түсті.

Игі шарада арнайы сөз алған облыстың бас имамы Дастан қажы Жанасұлы жиналғандарды құттықтап, Құран Кәрімнің мұсылман өміріндегі орны мен маңызына тоқталды.

— Құран — Күдай сөзі. Алла Тағала: «Оқы! Сондай жаратқан Раббыңның атымен оқы!» дейді. «Құранның сөзі — қасиет» деген бабаларымыз. Алла Тағала адамзат баласына ең үлкен нығметтердің бірі ретінде өзінің кәләмі Құранды түсірді. Қасиетті Құран — оқылатын кітап ғана емес, ол өмір сүрудің мәнін айқындайтын, адамды тура жолға бастайтын, жүректерді тазартатын, қоғамды ізгілікке жетелейтін мәңгілік бағдар. Құран — мейірімнің, әділдіктің, парасаттың қайнар көзі. Бүгінгі ұйымдастырылып отырған Құран жарысы

— аса сауапты бастама. Себебі, қасиетті Құранды оқу — ең ұлы ғибадаттардың бірі және Аллаға жақындатытын төте жол. Пайғамбарымыз (оған Алланың сәлемі мен игілігі болсын): «Құран оқыңдар! Ол қиямет күні иесіне шапағат етеді» деп, басқа пайғамбарларға берілмеген шапағатты Құран иеленетінін білдірген, — деді ол.

Жоғары деңгейде өткен байқауға Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Құран секторының менеджері Шерік қари Полатханұлы бастап, Сыр елінен шыққан қари, бүгінде республикалық

«Нұрсұлтан» мешітінде еңбек ететін Шыңғыс Жаппарханұлы және бас имам Дастан Жанасұлы әділ төрелік етті.

Рухани доданың нәтижесінде «Құран Кәрімнің 10 парасын жатқа оқу» аталымы бойынша Расул Дадажанов жеңімпаз атанса, қалған II және III орындарды Махмуджан Рахымжанұлы мен Шынболат Нұрислам өзара бөлісті. Аталған жүлдегерлер 300, 200 және 100 мың теңге көлеміндегі қаржылай сыйлықтарға ие болды.

«Құран Кәрімнің 20 парасын жатқа оқу» кезеңінде Айдоос Жолдас жеңіс тұғырынан көрінсе, Махмұт Мырзахмет пен Ахат Молдин қалған орындарға тұрақтады. Бұл аталым бойынша оза шапқандарға 400, 300, 200 мың теңге қаржылай сыйлықтар табысталды.

Ал ең күрделі «Құран Кәрімді толығымен жатқа оқу» бойынша Нұртілеу Сейіткасым бас жүлдеге лайық деп танылды. Екінші орынды Диас Айтмахан, үшінші орынды Азамат Абжалов еншіледі. Оларға 700, 500, 300 мың теңге көлеміндегі сыйлықтар табыс етілді.

«Құран Кәрімді мәнерлеп оқу» бойынша жүлделі орындарды Бакберген Жаркынбекұлы, Наурыз Ізмағанбет, Бақдаулет Маратұлы иеленді. Ерекше дауыс пен қырағат иелеріне 200, 100, 70 мың теңге көлеміндегі сыйлықтар берілді.

Әр аталым бойынша жеңімпаз атанғандар қыркүйек айында Ақтөбе қаласында өтетін XV республикалық байқауда Сыр елінің намысын қорғайды.

Айта кетейік, ауқымды жарысқа жергілікті кәсіпкер азамат Елдос Мүсірепов демеушілік етті.

Нұрсұлтан МЫҚТЫБАЙ

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ



ИСПАНИЯ — ӘЛЕМНІҢ ЕКІ ДҮРКІН ЧЕМПИОНЫ



ФОТО ШЫҒҚА ДЕРЕККӨЗІ

Кездесудің алғашқы минуттарынан Испания допқа иелік етіп, қарсыласын жоғары қысыммен қыспаққа алуға тырысты. Луис де ла Фуэнте шәкірттері әдеттегідей аланың әр бөлігінде тығыз әрекет етіп, доптан айырылған бойда оны қайтарып алуға ұмтылды. Алайда Аргентина орталық шепті бекем ұстап, қарсыласының еркін ойнауына мүмкіндік бермеді.

Екінші кезеңде де ойынның сипаты өзгере қоймады. Испания допты бақылап, Аргентина қорғаныстағы тәртібінен жаңылмады. Бірақ негізгі уақыттың аяқталуына санаулы секунд қалғанда Лионель Скалони командасының жоспарына үлкен соққы тиді. 90+3-минутта Энцо Фернандес Пау Кубарсиге қарсы дөрекі ойынағы үшін екінші сары қағазын алып, аланан қуылды.

Негізгі уақыттағы статистика Испанияның басымдығын анық көрсетті. «Қызыл фурия» қарсылас қақпасына 20 рет соққы бағыттап, оның 12-сін нысанаға дәл жеткізді. Ал Аргентина 90 минуттың ішінде бірде-бір соққы жасай алмады. Бұл — Әлем чемпионаты финалистері арасындағы ең төменгі көрсеткіштердің бірі.

Он ойыншымен қалған онтүстік-америкалықтар кездесуді пенальти сериясына дейін жеткізуге әрекеттенді. Алайда олардың үміті қосымша уақыттың екінші бөлімі басталғаннан кейін небәрі 39 секундтан соң үзілді. 106-минутта Пелро Порро допты қақпаның алыс бағанасына көтеріп берді. Нико Уильямс әуе добын ұтып, оны басымең кейін қарай бағыттады. Сол сәтте айып аланында қараусыз қалған Ферран Торрес шамамен сегіз метр жерден допты қақпа маңдайшасының астына дәл қадады.

Аргентина қатарынан екінші Әлем чемпионатының финалына шыққанымен, чемпиондық атағын қорғай алмады. 39 жастағы Лионель Месси бастаған құрама плей-офф кезеңінде бірнеше күрделі сынақтан өтті. Капитанның шеберлігі мен тәжірибесі Аргентинаның тағы бір шешуші матчқа жетуіне үлкен ықпал етті.

Турнир қорытындысында Испания жартылай қорғаушысы Родри Әлем чемпионатының үздік ойыншысы атанып, «Алтын допты» иеленді. Екінші орын Лионель Мессиге, үшінші орын Килиан Мбаппеге бұйырды. Финалдың үздік футболшысы ретінде жеңіс голының авторы Ферран Торрес танылса, Унай Симон «Алтын қолпақты», Пау Кубарси үздік жас ойыншы жүдесін алды. Франциялық Майкл Олисе жеті нәтижелі паспен турнирдің үздік ассистенті атанып,

бір Әлем чемпионатындағы жаңа рекорд орнатты.

Франция жүлдесіз қалғанымен, сегіз кездесуде 10 гол соғып, төрт нәтижелі пас берген Килиан Мбаппе «Алтын бутсаны» жеңіп алды. Ол Әлем чемпионаттарындағы гол санын 22-ге жеткізіп, 21 доп соққан Мессидің рекордын жаңартты. Француз шабуылшысының бір турнирдегі 14 нәтижелі әрекеті де жаңа көрсеткіш саналады. Сегіз гол мен төрт пас тіркеген Месси «Күміс бутсаға» ие болса, Джуд Беллингем мен Эрлинг Холанд жеті голдан соқты.

Англия құрамасы қола жүлдені еншіледі. Томас Тухель шәкірттері жартылай финалда Аргентинадан ұтылғанымен, үшінші орын үшін өткен тартысты кездесуде Францияны 6:4 есебімен жеңді. Бұл — 1966 жылғы чемпиондықтан кейінгі ағылшындардың Әлем чемпионаттарындағы екінші жүлдесі.

2026 жылғы Әлем чемпионаты 11 маусым мен 19 шілде аралығында АҚШ, Канада және Мексикада өтті. Футбол тарихында тұңғыш рет әлемдік доданы бірден үш мемлекет қабылдады.

Бұл — 48 құрама қатысқан алғашқы біріншілік. Командалар 12 топқа бөлініп, турнир аясында жалпы саны 104 кездесу өткізілді. Қатысушылар санының артуына байланысты жарыс бес жарым аптаға созылды.

Жанартылған формат көптеген елге әлемдік додада бақ сынауға мүмкіндік берді. Кабо-Верде секілді дебютанттардың табысты ойыны, Египеттің тарихи нәтижесі және фавориттердің күтпеген жеңілістері турнирдің тартымдылығын арттыра түсті.

Дегенмен, бес жарым аптаға созылған футбол марафонында ең тұрақты, ұйымшыл әрі тактикалық тұрғыдан сауатты команда Испания болды. Луис де ла Фуэнте шәкірттері топтық кезеңдегі Кабо-Вердемен тең ойыннан кейін бірінділдеп қарқын алып, плей-оффтағы барлық қарсыласынан басым түсті.

Нью-Джерсидегі финалда Ферран Торрестің бір ғана дәл соққысы бір жарым айлық доданың басты сұрағына жауап берді. Еуропа чемпиондығын жеңіп алған Испания енді әлемдік футболдың да ең биік шыңына көтерілді.

2026 жылғы Әлем чемпионатының қорытындысы бойынша Испания алтын, Аргентина күміс, Англия қола жүлдеге ие болды. Франция төртінші орынмен шектелді. Ал әлем футболы жаңа чемпионды ғана емес, жаңа рекордтарды, жарқын есімдерді және тарихта ұзақ сақталатын талай драмалық сәтті көрді.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

МҰРАЛЫҚ ІСТІҢ АШЫЛҒАНЫН ХАБАРЛАЙДЫ

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Қайрбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2026 жылдың 9 ақпанында қайтыс болған азаматша Зарерова Роза Каматовнаның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

ТАБЫСТЫ КӘСІПТІҢ КІЛТІ — ҚОЛДАУ

Мемлекеттік қолдаудың арқасында қала тұрғыны Сәрсенкүл Аралбаева шұлық цехын ашып, кәсібін жандандырып келеді. Кәсіптің сан түрі бар. Бірақ өңірде шұлық тігулі «Аралбаева» жеке кәсіпкерлігі бастады. Қазір бұл тауарлар еліміздің барлық аймағына таралған, сапасы жоғары. Цех басыншы жұмыстың ілгерілегенін, тапсырыстың артқанын айтты.

— Алдымен кәсіптің қалай басталғанына тоқтала кетейін. Ауылдық әкімдік қызметкерлері үй-үйді жағалап, мемлекеттік бағдарлама аясында жеңілдетілген несие алып, іс бастауға болатынын хабардар етіп жүрді. Біз мал шаруашылығына тоқталдық. Бірақ мамандар өзге кәсіп таңдауға кеңес берді. Балам шұлық өндіріске деген ой салды. Отбасылық кәсіпті жолдасым екеуміз қолдадық. Жобамызды жан-жақты зерттеп, ұсындық. Сәтті қорғап, қолдау таптық. Осылайша 2023 жылы цех іске қосылды. Мемлекеттен 2,5 пайызбен несие алдық. Сол жылы шұлық өндіруге арналған құрылғыны Қытайдан әкелдік. Біреуін, одан кейінгі жылы екі техника қостық. Қосымша құрылғыны алу үшін өңір кәсіпкерлерінің жобаларын жеңілдетілген несиемен қамтамасыз ететін «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығының қызметіне жүгініп, 6 пайыздық несие алдық, — дейді кәсіпкер.

Цех шағын болғанымен, жұмыс қайнап жатыр. Тоқыма машинасы үлгісіз жұмыс істеп тұр. Жан-жағында түрлі-түсті жіптер. Екі-үш минутта бір шұлық дайын болды. Қосымша тағы бір құрылғы бар. Онда жұмысшы қолғабы тоқылады.

— Автоматты құрылғылардың әрқайсының құны — 5-6 миллион теңге шамасында. Олар берілген бағдарламаны жадына сақтап қалады. Сол бойынша шұлық тоқиды. Бағдарламада тығыздығы, өлшемі, қанша дана болу керектігі жазылады. Танерген 9-да қосылған машина түнгі 1-2-де сөндіріледі. Себебі ұзақ қосылуы тиіс. Аптасына бір рет ғана демаламыз. Екі-үш күн немесе бір ай қосылмаса, блокқа түсіп қалады. Бұл құрылғының мүмкіндігі көп әрі тиімді. Мәселен, бір құрылғыда 400 ине болса, 200-200-ден бір-біріне қарсы айналып тұрады. Мұны сағып алған кезде арнайы маман үйретіп, балам тілін меңгеріп алды. Жалпы айына 15 мың дана шұлық өндіріледі. Кейде одан да көп. Бастысы, тұрғындар сапасына, бағасына дән риза, — дейді ол.

Шұлықтың құрамы 88 пайыз мақта жіп, 9 пайыз эластан және 3 пайыз спандекстен тұрады. Жіпті Өзбекстаннан алдырады. Жылдың барлық мезгіліне арналған шұлық тоқылады. Тұтынушының таламға да ескеріп, өрнектейді. Ұзын, қысқа қоныш етіп те жасайды.

Кәсіпкер шаруасын ширату үшін әлі де тың жобаларын жүзеге асыруды көздейді.



Ал қала іргесіндегі Талсуат ауылының тұрғыны Жанат Токмейілова мал шаруашылығымен айналысады. Кәсіпкер «Ауыл аманаты» жобасы арқылы жеңіл-

1-бет

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/ Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі — тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

https://twitter.com/syrboyi

Бас редактордың орынбасары — 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы — 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат — 40-11-10 (1039, 1040)
экономика — 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат — 40-11-10 (1034)
жарнама — 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап — 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар — 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АК» - ақилы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 19336

Тапсырыс №1220

Кезекші редактор Айсауле ҚАРАПАЕВА